

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№560

2020 жылғы 10 тамыз

**Облыстық мәслихаттың кезекті
сессиясының күн тәртібі мен
төрағасы туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының қарауына мынадай мәселелер ұсынылсын:

1. 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.
2. Облыстық мәслихаттың депутаттық өкілеттіктер мен этика, заңдылық, құқық тәртібі мәселелері және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.
3. Облыстық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.
4. Облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.
5. Облыстық мәслихаттың аграрлық мәселелер, экология және табиғатты пайдалану жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.
6. Облыстық мәслихаттың құрылыс, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және цифрландыру мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы болып №10 Абай сайлау округінен депутат – Айтжанов Асхат Абдрахманұлы сайлансын.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Т. ТАЛАЕВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА